



«ЛЗБТ» ЖШҚ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

ӘМБЕБАП ГАЗ ПЛИТАСЫ

Модельдері: ГП400МС-2у; ГП400М2С-2у;
ГП400МС СТ-2у; ГП300МС СТ-2у



4782279

Құрметті сатып алушы!

Жасаған таңдауыңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біздің плитамыз сіздің асүйіңіздегі сенімді көмекшіңізге айналады. Ол үнемді, жұмыста сенімді, басқаруға ыңғайлы және оны күтіп ұстау оңай. Өзіңіз бен отбасыңызды біздің плитаның көмегімен дайындалған дәмді әрі пайдалы тағамдармен қуантыңыз.

Егер Сізде сұрақтар, ескертулер немесе ұсыныстар туындаса, бізге мына байланыс телефондары арқылы хабарласыңыз:

(34-249) 3-03-75

Біз Сізге міндетті түрде жауап береміз.

Қызметтердің жұмыс уақыты (Мәскеу бойынша):

дүйсенбі - жұма

сағ. 6.00-ден 14.30-ға дейін

(үзіліс сағ. 10.00-ден 11.00-ге дейін)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
АМЕР.065493.015 РЭ

ГАЗ ПЛИТАСЫ

Осы нұсқаулық тұтынушыға және сервис ұйымдарының қызметкерлеріне арналған. Онда газ плитасының құрылысы, сондай-ақ оның қалай басқарылатыны сипатталады.

Нұсқаулық газ плиталарының түрлі модельдерін қамтиды, сондықтан онда Сіздің плитаңызда жоқ бөлшектер сипатталуы мүмкін.

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Ондағы нұсқаулар Сізге таңдалған плита моделінің барлық артықшылықтарын пайдалануға көмектеседі.

Біздің плиталар үнемі жетілдіріліп, сипаттамалары жақсартылып, дизайны жаңартылып отырады, сондықтан нұсқаулықтағы суреттер мен белгіленімдер Сіздің моделіңіздің суреттері мен белгіленімдерінен сәл ерекшеленуі мүмкін. Бұл нұсқаулық тұтынушыға және сервис ұйымдарының қызметкерлеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

1	МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР.....	4
2	ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ	4
3	ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ	6
3.1	ГАЗДЫҢ БАСҚА ТҮРІНЕ АУЫСТЫРУ	11
4	ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ	13
5	ПЛИТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ	13
6	ГАЗ ПЛИТАСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ	16
6.1	АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛЬ.....	16
6.2	ЖОҒАРҒЫ ПАНЕЛЬ	17
6.3	ҚУЫРУ ШКАФЫ	18
7	ҚУЫРУ ШКАФЫНДА ТАҒАМ ӨЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР.....	19
8	ПЛИТАНЫ КҮТП ҰСТАУ	20
9	САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ	20
10	ТОЗҒАН АСПАПТЫ	20
11	КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ	21
	№1 кепілдік талонының түбіртегі.....	25
	№2 кепілдік талонының түбіртегі.....	27

1 МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР

- Сатып алған кезде плитаның зақымдалмағанына, жиынтығының толықтығына көз жеткізіңіз. Сауда (монтаждау) ұйымынан плитаның жұмыс қабілетін тексеруді және Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың соңындағы (24, 25, 27-беттер) сату туралы куәлік пен кепілдік талондарын дұрыс толтыруын талап етіңіз.

- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және міндетті түрде сақтап қойыңыз, ол плитаға дұрыс қызмет көрсетуге және туындаған мәселерді шешуге көмектеседі.

- Плитаны қосуды қолданыстағы ережелер мен стандарттарды сақтай отырып газ плиталарын орнату және оларға қызмет көрсету құқығы бар монтаждау ұйымдарының тиісті біліктілігі бар мамандар ғана жүргізуі тиіс.

- Қосу кезінде орнату талоны (24-бет) толтырылуы тиіс.

2 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

- Плиталар электр сымдары плиталардың өрт- және электр қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орынжайларда орнатылуы тиіс.



Назар аударыңыз! Плитаны жерге тұйықтамай қоспаңыз!

- Жуар алдында және күтім жасау бойынша басқа жұмыстар алдында плитаны желіден ажыратып қою қажет.

- Егер плитаның жанында электр аспабы қосылған штепсель розеткасы болса, аппараттың жалғағыш сымы плитаның қызатын жерлеріне тиіп тұрмағанына немесе плитаның есігімен қысылып қалмағанына көз жеткізу қажет.

- Жарты жылда кемінде бір рет жалғағыш сымның күйін тексеріп отырыңыз. Қуат сымы зақымдалған кезде оны резеңке оқшаулаудағы сымға (ПРС типті) немесе өндірушіден немесе оның агентінен алынатын жиынтыққа ауыстыру керек.

- Плитаны кепілді және ағымдағы жөндеуді газ плиталарына қызмет көрсету құқығы бар ұйымдардың мамандары ғана жүргізе алады.

- Плитаның ақаулықтары байқалған кезде өндіруші зауытқа немесе кепілдікті жөндеумен айналысатын ұйымға хабарласыңыз.

- Плитаны пайдаланар алдында газ қызметінен газ аспаптарын пайдалану және қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі нұсқамадан өту қажет.

- Газбен істейтін плитаны пайдаланған кезде орынжайдағы температура мен ылғалдылық артады. Сондықтан асүй бөлмесі жақсы желдетілетін болуы тиіс, бұл үшін табиғи желдету тесіктерін ашық ұстау қажет немесе механикалық желдету құрылғысы орнатылуы тиіс.

Плитаны қарқынды әрі ұзақ пайдаланған кезде қосымша желдету (терезені ашу және тиімді желдету немесе механикалық желдету құрылғысын қосу) қажет болуы мүмкін.

- Бөлмеде газ иісі пайда болған кезде, жанарғылар өздігінен өшіп қалатын болса, плитаның алдындағы ортақ газ кранын, сондай-ақ плитаның барлық крандарын жабу керек, терезелерді ашып,, бөлмені желдетіп, ең жақын авариялық газ қызметін немесе ұқсас функцияны орындайтын ұйымды дереу шақыру қажет.

- Газ ағуын жойғанға дейін отқа және ұшқын түзілуге байланысты ешқандай операциялар жүргізбеңіз, темекі шекпеңіз, электр аспаптарын, жарықтандыруды және т.б. қоспаңыз.



Назар аударыңыз! Плитаның конструкциясына кез келген өзгерістер енгізуге тыйым салынады!

Мыналарға тыйым салынады:

- ақаулы плитаны пайдалануға;
- қосулы плитаны қараусыз қалдыруға;
- плитаны бөлмелерді жылыту және жуылған кірді кептіру үшін пайдалануға;
- қуыру шкафын алюминий жұқалтырмен қаптауға және тұмшاپеш түбінде ыдыс қоюға, сөйтіп ішіндегі ауа айналымын бұзуға және эмальді құртуға;
- плитаның шыны қақпағына (ол болған кезде) барлық жүктемені 5 кг асыруға;
- қосалқы суырмалы жәшікте (ол болған кезде) немесе плитаның жанында тез тұтанатын, жарылғыш заттарды, сондай-ақ температуралардың көтерілуіне төзбейтін (қизуға төзімді емес) заттарды ұстауға;
- плитаны өрт қауіптілігі жоғары орындарда орнатуға (ағаш, тұсқағазбен, жанғыш пластикпен жабылған және т.б. беттерге тым жақын орнатуға);
- плитаға қандай да бір жөндеуді өз күшімен жүргізуге;
- айырды розеткадан суыру үшін жалғағыш сымнан ұстап тартуға;
- қызған қуыру шкафына пластмасса ыдысты және жоғары температураға төзімді емес басқа бөлшектері бар ыдысты қоюға.
- газ түрі сәйкес болмаған кезде плитаны пайдалануға;
- егер желідегі газдың қысымы плитаның нұсқаулығында және тақтайшасында көрсетілген қысымға сәйкес келмесе, плитаны пайдалануға;
- ыдысты тікелей газ жанарғының негізіне орнатуға;
- газ жанарғылары үстіндегі торға салмағы 25 кг асатын ыдысты орнатуға. Плита үстіне жиынтық жүктеме 25 кг аспауы тиіс.



Назар аударыңыз!

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе білімі мен тәжірибесі жетпейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарды қадағалап отыратын жағдайларды немесе қауіпсіздікке жауапты адам оларға осы аспапты пайдалануға қатысты нұсқаулар берген жағдайларды қоспағанда.

Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында оларды қадағалап отыру қажет.

- Қолжетімді бөлшектер пайдалану кезінде қызып кетуі мүмкін. Оларға балаларды жолатпаңыз.

- Егер сіздің плитаңыз үстел қақпағымен жабдықталған болса, қақпағын ашар алдында, жанарғылар мен тордың суығанын тексеріңіз; оны ашпас бұрып одан сұйық ластануларды жою керек.

- Электр тогынан зақымдалмас үшін, шамды ауыстыруды жүргізбес бұрын, плита электр қуаттан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

- Май көп қосылатын тағамдарды дайындаған кезде абай болыңыз. Қызып кеткен майлар тұтануы мүмкін. Тұтанған майды сумен сөндіруге болмайды, ыдысты қақпақпен нық жауып қойыңыз.

- **Плитаның ішінде ылғалдың түсуіне, сондай-ақ газ жанарғыларына су төгілуіне жол бермеңіз.**



Назар аударыңыз! Өндіруші плитаны дұрыс пайдаланбаудан туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды.

3 ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ



Назар аударыңыз! Плитаны орнату және қосу, сондай-ақ оны газдың басқа түріне ауыстыру жөніндегі нұсқаулар тиісті ұйымдардың мамандары үшін ғана берілген!

Плитаны орнату, оны қосу, жұмысын сынау және пайдалану барысында оған техникалық қызмет көрсету қолданыстағы стандарттар мен ережелер сақтала отырып, жүргізілуі тиіс!

Қосу алдында қосылу шарттарының (газдың түрі және газдың қысымы) аспаптың теңшеулеріне сәйкес келетінін тексеріп алыңыз. Аспапты теңшеу параметрлері плитаның таңбалауында келтірілген.

1) Плитаны ағаш науадан алыңыз. Бұл үшін онда төменде орналасқан 2 бұраманы бұрап алыңыз (егер плита үстел қақпағымен жабдықталған болса, оны алдын ала алып тастаңыз). Плитаны жылжытқан кезде оны қуыру шкафының тұтқасынан көтеруге тыйым салынады. Плита қуару шкафының есігі ашылған күйінде, үстінен ұстап жылжытылады.

2) Плитаның және электр желісінің электр параметрлері мәндерінің сәйкестігін, сондай-ақ жерге тұйықталуын тексеріңіз.

3) Плитада газ жеткізгіш қарастырылған, бұл оны иілгіш шлангтың көмегімен магистральдік газ құбырына қосуға мүмкіндік береді. Плитаның газ коллекторы шығысында плитаны желілік газ құбырына қосуға арналған G1/2" сыртқы цилиндрлік бұрандасы бар сомын орналасқан (1-сур. қараңыз). Плитаға газ қосу үшін сүзгіні орнату қажет (жиынтыққа кіреді).




Назар аударыңыз! Сүзгісіз плитаны магистральдік газ құбырына қоспаңыз!



1-сурет. Плита газ құбырының конструкциясы

Плита желілік газ құбырына сертифицирталған иілгіш шлангтың көмегімен қосылады, бұл ретте мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- таңдалған иілгіш жалғағыш жеңнің сәйкестік сертификаты мен жасап шығарылған күнін, қызмет ету мен ауыстыру мерзімін көрсететін құжаты болуы тиіс;
- иілгіш жалғағыш жең бүкіл ұзындығы бойын қарап тексеруге қолжетімді болуы тиіс;
- иілгіш жалғағыш шланг түтіндіктің ыстық ауа аймағынан өтпеуі және плитаның артқы қабырғасына тимеуі тиіс (2-сур.);
- иілгіш жалғағыш жеңді ештеңе қысып тұрмауы тиіс, оның майысқан жерлері болмауы тиіс және созатын күшке ұшырамауы тиіс;
- егер иілгіш жалғағыш жеңнің зақымданулары болса, оны бүтіндей ауыстыру керек, жөндеуге болмайды.



2-сурет. Иілгіш шлангтың орналасуы



Назар аударыңыз! Плитаны орнына орнатқаннан кейін газ жіберетін иілгіш шлангының және қуат сымының күйін міндетті түрде тексеріңіз (2-сурет). Олар түтіндіктің үстінен өтпеуі және плитаның артқы қабырғасына жанасып тұрмауы тиіс. Тұщияпеш жұмыс істеп тұрған кезде онда жоғары температура пайда болады, ол оларға зиян келтіруі мүмкін.


Иілгіш шлангтың қызмет мерзімін, орнату ережелерін, пайдалану шарттарын және кепілдік міндеттемелерін шлангтардың өндірушісі белгілеген (шланг паспортын қараңыз).

Барлық қосылыстардың қымтаулығын газ құбырының краны қосылып тұрған және жанарғылар крандары жабық болған кезде сабынды майғынның көмегімен тексеріңіз. Газ кемуі жағдайында газ коммуникацияларының бұрандалы қосылыстарын тартыңқырап қатайтыңыз. Металл емес төсемдердің рұқсат етілетін деформациясы 25% құрайды. Қымтағыш төсемдерді бір рет қана пайдалануға болады. Төсемдер материалын газ коммуникацияларында қолдануға рұқсат етілген материалдардан пайдаланыңыз.

4) Плитаны орнатыңыз. Еден тегіс болмаған жағдайда, плита кездейсоқ жылжып кетпес үшін, оның көлденең күйін реттеп алыңыз.


Егер плита тұғырға орнатылмаса, оның тұғырдан сырғып кетпеуі үшін шаралар қолдану керек.

Бұйым аударылып кетпей, орнықты тұруын қамтамасыз ету үшін оны сөрелерге арналған екі бұрыштықтың (жеткізу жиынтығына кірмейді) көмегімен бекіту қажет. Сізге аударылып кетуден қорғаныш орнату қажеттілігі туралы еске салу үшін, плитаның артқы қақпағында 3-суретте көрсетілген арнайы символдары бар ақпарат жапсырылған.



3-сурет. Ақпараттық жапсырма

Плитаның артқы жағынан аударылудан қорғанышты орнатуға арналған 2 ойық бар (4-сурет). Құрылыс дүкенінен 125x100 сөрелерге арналған екі бұрыштық (5-сурет) сатып алу қажет және плитаның артындағы қабырға материалының түріне сәйкес келетін бұрыштықтар бекітпесін (мысалы, дюбельдері бар бұраншегелер немесе бұрамалар) тандап алу қажет.




2-сурет. Ойықтар



5-сурет. Сөрелерге арналған бұрыштық (кронштейн)

6-суреттегі схемаға сәйкес, кронштейндерді бекітуге арналған тесіктерді белгілеңіз. Егер плита астына төсемдер немесе тұғыр пайдаланылатын болса, тесіктерді белгілеген кезде олардың қалыңдығын да ескеру қажет. Бұрыштықтарды қабырғаға сенімді бекітіңіз де, плитаны орнына жылжытыңыз.




6-сурет. Кронштейндер үшін қабырғаға белгі салу схемасы

5)Орнына орнатылған плита розетканы жаппауға тиіс. Жеткізуші кабельді температурасы 70 °С жетуі мүмкін жерлерден өткізуге болмайды.

6)Плитаны электр желісіне қосыңыз. Плита үстіндегі жанарғыларды электрмен жандыру және қуыру шкафының жарықтандыру жұмыс қабілеттілігін тексеріңіз.

7)Егер плитаның электр бөлігі жұмыс істеп тұрған кезде проблемалар туындаса, онда плитаның артқы қақпағының өздігінен ойғыш бұрамаларын бұрап, қақпақты шешіп алып, түйіспелі қосылыстарын тексеріңіз (жұмыстарды электр желісін ажыратқаннан кейін жүргізіңіз). Артқы қақпақты орнына орнатып, бұрамалармен бекітіңіз. Плитаның жұмыс қабілетін тексеріңіз.

8)Плита үстелінің қақпағын (ол болған кезде) орнына орнатыңыз. Плита үстелінің шыны қақпағын орнату және қосымша жиынтықтау 7-суретке және 1-кестеге сәйкес.



7-сурет. Үстелдің шыны қақпағын орнату.

1-кесте

Модельдің	Атауы	Саны, дана
1	Тірек кронштейн	2
2	Сәнді қақпақ	2
3	M5*12 бұрамасы	4
4	M5 сомыны	4

Аспаптың үстінен орналасқан барлық көлденең беттерге дейін аспаптың тігінен минималды рұқсат берілетін қашықтығы 700 мм.

Аспап пен тік беттер арасындағы көлденең минималды рұқсат етілетін қашықтық 20 мм.

Аспапты түтіндікке жалғауға болмайды. Аспап пайдалану нұсқаулығының және Қазақстан Мемтаутехқадағалау бекіткен қолданыстағы Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің, және Газ шаруашылығындағы техникалық пайдалану ережелері және қауіпсіздік талаптарының нұсқауларына сәйкес орнатылуы тиіс. Орынжайларды желдету шараларына назар аудару керек.

Жанарғыны тұтату және толық тұтандыру жанарғыны "үлкен жалын" күйіне теңшегеннен кейін 5 секунд ішінде шусыз орындалуы тиіс.

Тұтандырғаннан кейін жанарғының жалыны тұрақты болуы тиіс. Тұтандыру кезінде жалынның сәл үзілуіне жол беріледі, бірақ 60 секундтан кейін жалын тұрақтандырылуы тиіс.

Теңшеу құрылғысын (кранды) "кіші жалын" күйіне орнатқан кезде жанарғылар жалыны өтпеу немесе өшпеу керек, әйтпесе жүйедегі газ қысымының паспорттық

деректерге сәйкестігін тексеру қажет (толығырақ 3.1-тарауда)

Қуыру шкафы жанарғысының жалынын бақылау құрылғысының жұмысын тексеріңіз (құрылғының жұмысы 6.3-бөлімде сипатталған). Құрылғыны 5-15 секунд ішінде іске қосып тұру қажет.

Қуыру шкафының есігін ашқан және жапқан кезде жалынның өтпеу немесе сөнбеу тиіс.



Мыналарға тыйым салынады:

- жерге тұйықтау үшін су құбыры, жылыту, кәріз элементтерін және жерге табиғи түрде тұйықталған құрылғыларды пайдалануға болмайды.
- ұластырғыларды, ұзартқыштарды, қосарлы және одан көп тармақты розеткаларды пайдалануға болмайды.

3.1 Газдың басқа түріне ауыстыру

Бұл плита І2нзв/Р санатындағы бөлек тұратын аспаптардың 1 класына жатады, екінші тектес Н тобының газдарымен (номинал қысымы 1274 Па МЕСТ 5542 бойынша табиғи газ) және үшінші тектес газдарымен (номинал қысымы 2940 Па МЕМСТ 20448 бойынша сұйылтылған газ), газдың бір түрінен екіншісіне ауыстыру мүмкіндігімен жұмыс істеуге арналған.

Өндіруші зауыт плитаны қысымы 1274 Па табиғи газбен жұмыс істеуге теңшеген.

7-кестеде (22-бет) газ түрін ағымдағы теңшеу бойынша ақпарат бар. Теңшеу бойынша кез келген іс-әрекет жасар алдында кестедегі жазбалармен танысыңыз. Газ түрін әр қайта теңшеген кезде газдың жаңа түрін көрсете отырып кестеде белгі жасаңыз.

Плитаны газдың басқа түріне қайта теңшеу үшін төменде келтірілген нұсқауларды басшылыққа алу қажет.

- Шүмектерді ауыстырыңыз (2-кестеге сәйкес).
- Барлық жанарғылардың шағын жалынын реттеңіз.

2-кесте

Жанарғы	Қуаты, кВт	Шүмекті таңбалау Табиғи газ ном. қыс. 1274 Па	Шүмекті таңбалау Табиғи газ ном. қыс. 2940 Па
Үлкен (алдыңғы оң)	2,3	120	75
Орташа (алдыңғы сол жақ және артқы оң жақ)	1,5	98	56
Шағын (артқы сол жақ)	1,0	85	47
Тұмшалапештің жанарғысы	2,3	138	82

2-кестеде шүмектің тесігі диаметріне сәйкес келетін таңбалау көрсетілген, миллиметрдің жүздік үлестерімен.




Назар аударыңыз! Кез келген операцияларды жүргізер немесе аспапты газдың басқа түріне ауыстырар алдында:

- барлық басқару тұтқалар сөндірулі күйде тұрғанына көз жеткізу қажет;

- *аспаптың толық суығанына көз жеткізу қажет;*
- *ортақ газ беру қранын жабу қажет;*
- *плитада электр бөлігі болған кезде, плитаны электр бөлігінен ажырату қажет.*

Плитаның жұмыс беті жанарғыларының шүмектерін ауыстыру былайша жүргізіледі:


- Үстел торларын, жанарғылар қақпақтарын, жанарғылар бастиектерін алып тастаңыз.
- Өлшемі 7 мм тұқыр түтік тәрізді кілтті пайдалана отырып, 2-кестеге сай шүмектерді ауыстырыңыз (8-сур.).
- Барлық бөлшектерді кері реттілікпен орнатыңыз.



8-сурет. Жоғарғы үстел жанарғысының шүмегін 7 мм кілтпен ауыстыру.

Плитаның табандық жанарғысының шүмегін ауыстыру былайша жүргізіледі:


- Плитаның артқы қақпағын алыңыз.
- Шүмек ұстағышы қапсырмасын бекітіп тұрған екі бұраманы бұрап алыңыз.
- Қапсырманы шүмегімен бірге жанарғыдан өзіңізге қарай тартып шығарып алыңыз.
- Бұрауышпен газ құбырын бекіту клипсасын қапсырмадан ажыратыңыз да 2-кестеге сай шүмекті ауыстырыңыз (9-сур.).
- Шүмекті орнатқаннан кейін оның жігінін қымтаулығын сабындап тексеріңіз.
- Барлық бөлшектерді кері реттілікпен жинаңыз.




9-сурет. Табандық жанарғының шүмегін ауыстыру

Плитаның жұмыс беті жанарғыларының және тұмшапештің табандық жанарғысының шағын жалынын реттеу.

Шағын жалын бұрамасы қран соташығында, немесе оны корпусында орналасуы мүмкін (10-сур.).



Тығыздағыш сақина



Шағын жалын бұрамасы

10-сурет. Шағын жалын бұрамаларының ықтимал орналасуы.

Реттеу реттеуіш бұраманы ауыстырмай оны бұру арқылы жүргізіледі, бұл үшін:

- Кран тұтқасын өзіңізге қарай тартып, шығарыңыз.
- Сұйылтылған газға ауысу үшін, арнайы жіңішке бұрауыштың көмегімен, реттеуіш бұраманы сағат тілі бағытында тірелгенше бұраңыз.
- Сұйылтылған газдан табиғи газға ауысу үшін алдымен жай теңшеуді орындау қажет - реттеуіш бұраманы сағат тіліне қарсы бағытта 4 айналымға бұраңыз. Әрі қарай дәл теңшеуді жүргізіңіз, бұл үшін жанарғыны тұтандырып, кранды шағын жалын режиміне ауыстыру қажет. Жалын максималды күйінен 3/4-ке азаймағанша, реттеуіш бұраманы бірқалыпты бұраңыз, бұл ретте жалын тіпті ауаның орташа ағынында да тұрақты болуға тиіс.

- Егер кран "шағын жалын" күйінде болғанда қуыру шкафын ашқан және жапқан кезде сөнбесе, бұл табандық жанарғы дұрыс реттелгенін білдіреді.

4 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Қуыру шкафының эмальданған беттері мен қабырғаларын жуғыш құралды пайдалана отырып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

Қуыру шкафы есігінің тұтқасынан ескерту заттаңбасын ақырын алып тастаңыз.

Қуыру шкафын ашық есік кезінде қыздырыңыз, кранның тұтқасын "шағын жалын" күйіне орнатыңыз. Қыздыру кезінде шығатын иіс денсаулыққа зиянды емес, бірақ бөлмені желдету қажет.

ПЛИТА ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН

5 ПЛИТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ

Газ плитасы тек үй жағдайында пайдалануға арналған.

Бұл плита пісіру, қуыру, ет, балық және көкөніс тағамдарын бұқтыру, нан тағамдарын пісіру, саңырауқұлақтар, көкөністер, жемістер кептіру кезінде тілегеніңізді барынша қанағаттандыру үшін жасалған.



Назар аударыңыз! Плитаны пайдаланған кезде ерекше дыбыстар (шертүлер, шыртылдар) пайда болуы мүмкін. Бұл температура өзгерген кезд құрылғының жекелеген бөліктерінің температуралық сызылуымен немесе кеңеюімен байланысты болады және бұл қаулыққа жатпайды.

Плитаның жиынтықталымы мен оның техникалық сипаттамалары, моделіне қарай, 3-кестеде және 4-кестеде келтірілген.

3-кесте

Атауы	Плитаның моделі		
	ГП400МС-2у ГП400М2С-2у	ГП400МС СТ- 2у	ГП300МС СТ- 2у
Газ плитасы	*	*	*
Үстел торлары	*	*	*
Қаңылтыр таба	*	*	*
Тұмшапеш торы	*	*	*
Диаметрі шағын ыдысқа арналған қойғыш	*	*	*
Сүзгі	*	*	*
Аз қуатты жанарғының қақпағы, дана	1	1	1
Орташа қуатты жанарғының қақпағы, дана	2	2	1
Қуаты жоғары жанарғының қақпағы, дана	1	1	1
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	*	*	*
Қаптама	*	*	*
Үстелдің шыны қақпағы	Бар-жоғы қаптаманың заттаңбасында көрсетілген	-	-
Инжектор №47	1	1	1
Инжектор №56	2	2	1
Инжектор №75	1	1	1
Инжектор №82	1	1	1
Электр тұтандыру	*	-	-
Қуыру шкафын жарықтандыру	*	-	-
Суырмалы қосалқы шкаф	*	-	-

Плитаның құрамдас бөліктерінің орналасуы 11-суретте көрсетілген.



11-сурет. Газ плитасы

4-кесте

Плиталар модельдерін ТШ 4858-001-88059716-2014 бойынша белгілеу	ПТ 400МС-2У ПТ 400МС-2У	ПТ 400МС СТ-2У	ПТ 300МС СТ-2У
МЕМСТ Р 50696-2006 плиталар класы	1		
МЕМСТ 15150-69 бойынша климаттық орындалуының түрі	УХЛ 4.2		
МЕМСТ 14254-96 бойынша ылғалдан қорғаныш дәрежесі бойынша орындалуы	IPXO	-	-
МЕМСТ Р 52161.1-2004 бойынша электр тоғынан зақымдалудан қорғаныш класы	I	-	-
Номинал тұтынылатын электр қуаты, Вт	20	-	-
Ток түрі	айнымалы	-	-
Тоқтың номинал жиілігі, Гц	50	-	-
Атаулы кернеу, В	230	-	-
МЕМСТ Р 50696-2006 бойынша пайдаланылатын газдың түріне байланысты плиталар санаты	I ₂ НЗВ/Р		
Газдың номинал қысымы, Па табиғи МЕМСТ 5542-87 сұйылтылған МЕМСТ 20448-90	1274 2940		
Үстел жанарғыларының номинал жылу қуаты, кВт			
алдыңғы сол жақ	1,5	1,5	1,5
алдыңғы оң жақ	2,3	2,3	2,3
артқы сол жақ	1,0	1,0	1,0
артқы оң жақ	1,5	1,5	-
Үстел жанарғыларының "шағын жалын" күйіндегі жылу қуаты, кВт			
алдыңғы сол жақ	0,30	0,30	0,30
алдыңғы оң жақ	0,47	0,47	0,47
артқы сол жақ	0,30	0,30	0,30
артқы оң жақ	0,30	0,30	-
Тұмшапеш жанарғысының номинал жылу қуаты, кВт	2,3	2,3	2,3

Құрғақ сұйылтылмаған жану өнімдеріндегі көміртегі тотығының мөлшері, %, артық емес	0,1		
Үстел жанарғыларының пайдалы әрекет коэффициенті, %, кем дегенде	52	52	52
алдыңғы сол жақ	52	52	52
алдыңғы оң жақ	Регламенттелм.	Регламенттелм.	Регламенттелм.
артқы сол жақ	52	52	-
артқы оң жақ			
Тұмшапеш кеңістігінің пайдалы көлемі, дм ³	57		
Тұмшапештің ішкі өлшемдері, мм			
ені	370		
биіктігі	460		
тереңдігі	340		
Габариттік өлшемдері, мм			
ені	500	500	500
тереңдігі	600	600	600
үстел қақпағынсыз биіктігі	850	850	850
үстел қақпағымен биіктігі	864	-	-

Плитаның қосалқы шкафы (жиынтықталымын 3-кестеде қараңыз) асуі керек-жарақтарын сақтауға арналған.

Плитаның кейбір модельдері шыны үстел қақпағымен жабдықталған, ол қажет кезде оңай шешіп алынады. Бұл үшін сәндік қақпақтарды 2-поз. (7-сур.) шешіп алыңыз, шыны қақпақты толығымен ашыңыз да жоғары көтеріңіз.


Ыдысты үстелдің жабық қақпағына қоюға болмайды. Шыны қақпақты кездейсоқ соққылардан сақтау қажет.

6 ГАЗ ПЛИТАСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫ

6.1 АЛДЫҢҒЫ ПАНЕЛЬ

Плитаның алдыңғы панелінде басқару тұтқалары мен батырмалар орналасқан, олардың арналуы 12-суретте көрсетілген.


Алдыңғы панельдегі символдар шартты түрде көрсетілген.



12-сурет. Плитаның алдыңғы панелі

6.2 ЖОҒАРҒЫ ПАНЕЛЬ

13-суретте плитаның жоғарғы панелі көрсетілген.



13-сурет. Плитаның жоғарғы панелі

Газ жанарғыларының қуаты (жалынның биіктігі) алдыңғы панельде орналасқан крандар тұтқалары көмегімен реттеледі.

Газ жанарғыларын былайша тұтандырыңыз.

- газ жанарғысы кранының тұтқасын басыңыз, оны сағат тіліне қарсы бағытта максималды жалын белгісінің басқару панеліндегі белгімен қиысқанға дейін бұраңыз.

- Электр тұтандыру болған кезде, батырманы басып, газ тұтанбайынша оны басып тұрған күйінде ұстаңыз.

- Электр тұтандыру болмаған жағдайда тиісті газ жанарғысына сіріңкені немесе оттықты жақындатыңыз.



Назар аударыңыз! Жанарғы жалыны сөнген кезде (кез келген себеппен) теңшеу құрылғысын (кранды) жауып, 1 минуттан ертелезпай қайта жандырып көру қажет.

Жану қарқындылығын реттеу тұтқаны әрі қарай сағат тіліне қарсы бағытта шағын жалын белгісі басқару панеліндегі белгімен қиысқанға дейін және керісінше бұру арқылы жүргізіледі.

Жанарғыны сөндіру үшін жанарғыны қосу тұтқасын сағат тілі бойынша тірелгенше бұру қажет.

Ыдыстың өлшемдерін және жанарғылардың жұмыс режимін жалын ыдыстың шетінен асып кетпейтіндей және ыдыс қабырғаларын «жаламайтындай» етіп таңдау қажет. Ыдыстың түбі жалпақ әрі тегіс болуы тиіс.

Қуаты 1,0 кВт жанарғыда пайдаланылатын ыдыстардың ең кіші диаметрі 120 мм-ге тең, қуаты 1,5 кВт жанарғыда ыдыстардың ең кіші диаметрі 140 мм-ге тең және қуаты 2,3 кВт жанарғыда ыдыстардың ең кіші диаметрі 160 мм-ге тең. Диаметрі кіші ыдысқа арналған қойғышты пайдаланған кезде ыдыстардың ең кіші диаметрі 60 мм-ге тең.

Тамақ әзірлеу кезінде ыдысты қақпақпен жабыңыз, ыдыстың түбі әрдайым құрғақ әрі таза болуын қадағалаңыз.

6.3 Қуыру шкафы

Қуыру шкафы алдыңғы панельде орналасқан тұтқа көмегімен басқарылады. Нөлдік күй (сөндірілген күйі) басқару тұтқасындағы және плитаның алдыңғы панеліндегі "нүктелермен" белгіленген, және оларды қиыстыру арқылы жеткізіледі.

Қуыру шкафының керек-жарақтарына кіретіндер:

- Кондитерлік өнімдерді, бәліштерді пісіруге, етті, құс етін қуыруға, ет тағамдарын торда дайындаған кезде бөлініп шығатын май мен шырынды жинауға және т.б. арналған қаңылтыр таба.

- Етті, құс етін және т.б. пісіруге және қуыруға арналған қалыптарды орнату үшін пайдаланылатын тұмшапеш торы.

Қуыру шкафының жанарғысын тұтандыру үшін:

- қуыру шкафының есігін ашыңыз;

- қуыру шкафы жанарғысы кранының тұтқасын басып, сағат тіліне қарсы бағытта максималды ашылу белгісіне дейін бұраңыз;

- кранның тұтқасын басып ұстап, сіріңкені немесе оттықты шкафтың тұтандыру тесігіне жақындатыңыз.

- қуыру шкафының түбіндегі тесіктер арқылы қарап, жанарғының тұтанғанына көз жеткізіңіз;

- тұтандырғаннан кейін 5-15 секунд өткен соң қуыру шкафының тұтқасын басылып тұрған күйінен жіберіңіз де қажетті бөлікке дейін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

- есікті бірқалыпты, тарс етпей жабыңыз.

Жанарғы жалынын бақылау құрылғысын кранның тұтқасын 15 секундтан асырмай басып тұрып іске қосу керек. Егер жанарғы 15 секунд өткеннен кейін жанбаса, келесі әрекет жасау алдында есікті ашылған күйде 1 минут ұстау қажет.

Жалынды бақылау құрылғысы жанарғы жалыны сөнген кезде 60 с ішінде газ беруді автоматты түрде тоқтатуды қамтамасыз етеді.

Жанарғы жалыны кез келген себеппен сөнген кезде теңшеу құрылғысын жауып (кран тұтқасын нөлдік күйіне бұрып және жіберіп), кем дегенде 1 минуттан кейін қайта тұтандырып көру қажет.

Қуыру шкафын пайдаланар алдында біздің "Қуыру шкафында тағам әзірлеу жөніндегі ұсыныстарымызды" (19-бет) оқып алыңыз. Тікелей торда пісіру немесе қуыру кезінде, тор мен тамақ өнімдері арасына тағамдық жұқалтырды салып, төменгі деңгейге қаңылтыр табаны (майды жинау үшін) орнату қажет.

Қуыру шкафының жылжымалы бөлшектері (қаңылтыр таба, тор) оларды қуыру шкафынан жартысынан асырмай жылжытып шығарған кезде тұрақты күйін сақтайды. Оларға максималды рұқсат етілетін жүктеме – 3 кг.

Қуыру шкафының есігінде ішкі жағынан температура индикаторы орнатылған. Қуыру шкафындағы қыздыру режимдері 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Температура индикаторының көрсеткіші	Қуыру шкафындағы температура
1	110
2	140
3	170
4	210
5	245
6	280

7 ҚУЫРУ ШКАФЫНДА ТАҒАМ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Біздің плитада сіз кез келген тағамды оңтайлы тәсілмен дайындай аласыз. Дайындау режимдері желідегі газ қысымының ауытқуларына және газдың жылу шығару мүмкіндігіне байланысты. Уақыт өте келе сіз плитаның барлық мүмкіндіктерін пайдалануды үйренесіз, сондықтан төменде берілген ұсыныстарды тек қана жалпы сипаттағы нұсқаулар ретінде қарастыру керек, сіз оларды өз тәжірибеңізге сүйене отырып өзгерте аласыз.

Жалпы ұсыныстар:

1. Қуыру шкафында пісірмелер дайындар алдында оны максималды режимде 20-25 минут қыздырып алыңыз.

2. Кондитерлік өнімдер мен нан тағамдарын пісірген кезде қуыру шкафының есігін ашпаған жөн, пісіру процесін әйнек арқылы қадағалаған жөн.

3. Нан пісіруді қуыру шкафында 170°..200°C температурада (температура индикаторларының 3 және 4 беліглері арасында) жүргізген жөн.

4. Егер пісірілетін тағам астынан немесе үстінен күйіп бара жатса, қаңылтыр табаны бір деңгей төмен немесе жоғары қоюды және пісіру температурасын азайтуды ұсынамыз.

Нан тағамдарын пісіру

Қартоп шанығасы

Қуыру шкафын максималды жалында 20 мин алдын ала қыздырып алыңыз. Астынан санағанда төртінші деңгейге шаныға салынған қаңылтыр табаны орнатыңыз (бұл ретте шкафтағы температура 200°C төмендейді), шкаф жанарғысының максималды жалындағы режимін өзгертпеңіз.

Пісіру уақыты 15...20 мин.

Балық бәліші

Алдын ала 20 мин. қыздырылған шкафқа (температура индикаторының тілі «4» немесе одан сәл жоғары белгіге дейін жетеді) астынан санағанда төртінші деңгейге бәліш салынған қаңылтыр табаны орнатыңыз. Бәлішті орнатқаннан кейін температура 200°C дейін төмендеуі мүмкін.

Қуыру шкафының тұтқасын орташа жалын режиміне ауыстырыңыз. 20 мин пісіріңіз. Бәліш сәл қызаруы тиіс.

Тұтқаны шағын жалын режиміне ауыстырыңыз. Осы режимде тағы 30 мин пісіріңіз.

Бәліштің наны мен салмасы жақсы пісті, жоғарғы және төменгі қабықтары біркелкі жақыслап қуырылды. Бәліш дайын.

8 ПЛИТАҒА КҮТІМ ЖАСАУ



Назар аударыңыз! Плитаны таза ұстаңыз - бұл оның қызмет мерзімін ұзартады. Плитаны тазалау алдында оны электр желісінен ажыратып қойыңыз!

Плитаны қаптамадан шығарған кезде қаптау таспасынан қалған желім іздерін спирт ерітіндісімен кетіріңіз.

Плитаны жылы сумен, сабынды немесе басқа сұйық жуғыш құралмен және жұмсақ матамен тазалау қажет.

Өткір заттарды тазарту үшін кедір-бұдырлы, жемір жуғыш құралдарды қолданбаған жөн. Қиын кететін дақтарды алдымен жібітіп алу қажет.

Қуыру шкафын тазарту ыңғайлы болуы үшін есігін шешіп алуға болады.

Есікті шешіп алу үшін есікті толығымен ашыңыз, топсалар фиксаторларын иінтірекепке ілініскенше көтеріңіз және есікті өзіңізден әрі жылжытып топса иінтіректерін ілінісуден шығарыңыз, содан кейін есікті шешіп алыңыз.

Қуыру шкафы есігінің әйнегін тазалау үшін қатты қажағыш тазартқыштарды немесе қатты металл қырғыштарды **пайдаланбаңыз**, өйткені олар плита бетін сырып, плита уатылып сынуы мүмкін.

Плитаны тазарту үшін бумен тазарту әдісін **қолданбаңыз**.

Ақаулықтар туындаған кезде жөндеу ұйымының маманын шақырыңыз.

Газ крандарындағы майлағышты газ жабдықтарына қызмет көрсететін ұйымдар мамандары кемінде үш жылда бір рет ауыстыруы тиіс. Ұсынылатын майлағыш «Герметин» ТШ 31-01-03-90.

9 САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Газ плиталары ауа температурасы + 1 °C-тан + 40 °C-қа дейін болатын, салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын, ауада плиталардың материалдарына зиянды әсер ететін қышқылды және басқа да булар болмайтын, жылытылатын орынжайларда сақталуы тиіс.

Тек қана зауыттық қаптамада жауын-шашыннан және механикалық бұзылудан сақтандырыла отырып тік күйінде тасымалдау қажет.

10 ТОЗҒАН АСПАПТЫ

Қаптау материалын кәдеге жарату кезінде қоршаған ортаны қорғау туралы ұмытпаңыз.

Егер ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны плиталарды орнатумен және жөндеумен айналысатын мамандандырылған ұйымға тапсыру қажет (кепілдікті жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдардың өзекті тізбесі <http://lzbt.ru/customer/service/> сайтында жарияланған).

Егер плита қоқыс тастайтын жерге немесе металл сынықтарын тапсырылатын арнайы бөлінген орындарға жіберілген болса, оны әрі қарай пайдалануға жарамайтындай етуді ойластырыңыз.

11 КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Кепілдік міндеттемелері қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында орнатылған плиталарға қолданылмайды.

Осы нұсқаулыққа сәйкес дұрыс пайдаланған кезде, өндіруші кәсіпорын газ плитасының сенімді жұмысына 2 жыл, бірақ жасалған күнінен 2,5 жылдан артық емес мерзімге кепілдік береді. Мерзімі сауда желісі арқылы сатылған күнінен бастап есептеледі. Жаңа үйлерде құрылыс ұйымдары орнатқан плиталар үшін - орнатылған күнінен бастап, бірақ жасалған күнінен 2,5 жылдан артық емес.

Плитаның қызмет ету мерзімі - 10 жыл.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сатылған күні белгіленген мөртабан болмаған кезде кепілдік мерзімі плита жасап шығарылған күнінен есептеледі.

Газ плитасының тораптарын кепілдікті ауыстыруды жөндеу ұйымдарының мамандары, немесе, олар болмаған кезде, өндіруші зауыт жүргізеді, мұндайда зауытқа істен шыққан газ плитасы тораптарын және бұйымның моделі, шығарылған жылы, нөмірі көрсетілген кепілдік талоны міндетті түрде жіберілуі тиіс.

Осы кепілдік қызмет мерзімі шектеулі болатын толымдауыш бұйымдарға (мысалы, қуыру шкафының жарықтандыру шамына) қолданылмайды.

Плитаны жөндеу кезінде жөндеу жүргізген ұйым қызметкері жыртпалы кепілдік талондарын толтырып, өзімен алып кетеді.

Кемшіліктер кепілдікті жөндеу кезінде жойылған жағдайда, плитаға берілген кепілдік мерзімі плита пайдаланылмаған кезеңге созылады. Көрсетілген кезең тұтынушының ақаулықтарды жою туралы талаппен жүтінген күннен бастап жөндеуі аяқталған плита берілген күніне дейін есептеледі.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық жыртпалы талондарымен бірге жоғалған кезде өндіруші зауыт олардың телнұсқаларын бермейді.

Өндіруші зауыт плитаны сатқаннан кейін оның жиынтықтылығы мен механикалық зақымдануларына қатысты наразылықтар қабылдамайды.

Өндіруші зауыт мына жағдайларда жауапкершілік алмайды:

- тасымалдау және сақтау ережелері сақталмаса;
- орнату және пайдалану ережелері сақталмаса;
- плитаны жөндеуге құқығы жоқ тұлға бөлшектеген болса;
- плита кернеуі жоғары желіге қосылған болса;
- ақаулықтар төтенше жағдайлардан немесе еңсерілмейтін күш әсерінен (өрт, табиғи апаттар және т.б.) туындаған болса.



Назар аударыңыз! газ жанарғылары, газ крандары, жалғағыш сым істен шыққан жағдайда жөндеуге жатпайды және оларды ауыстыру қажет болады.

Кепілдікті жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдардың өзекті тізбесі <http://lzbt.ru/customer/service/> сайтында жарияланған.

ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫННЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Пермь өлкесі,

Лысьва қ.,

Металлистов көш., 1

«ЛЗБТ» ЖШҚ



ТШ 4858-001-88059716-2014 газ плиталары КО ТР 016/2011 «Газ тәрізді отынмен

жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі туралы»; КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі» нормативтік құжаттары талаптарына сәйкес келеді және олардың сәйкестік сертификаты бар.

Сәйкестік сертификатының нөмірін 6-кестеден қараңыз.

6-кесте

Модель	Сәйкестік сертификаты №
ГП400МС-2у ГП400М2С-2у ГП400МС СТ-2у ГП300МС СТ-2у	RU C-RU.CP28.B.00012

7-кесте

№	Газдың түрі	Қайта теңшеу күні	Ұйым	Мөрі/ шебердің колы
1	Табиғи газ ном. қысымы 1274 Па	-	«ЛЗБТ» ЖШҚ	ТББ
2				
3				
4				

12 ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Сатылған күні

Кім сатты (сауда ұйымының атауы)

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мөртабаны)

Орнатылған күні

Пайдалануға қабылдау үшін жауапты тұлғаның қолы

№1 кепілдік талонының түбіртегі

Толымдауыш бөлшектері ауыстырылды _____

Жөндеу ұйымының атауы _____

Жөндеген күні _____ Мастер(қолы, тегі) _____

ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН



ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мертабаны)

Орнатылған күні Ақаулықтың сипаты

Істен шыққан күні

Ақаулықты жою бойынша орындалған жұмыстар

Жұмсалған қосалқы бөлшектер

Жөндеген күні

Пайдалануға жарамдылығы

Иесінің қолы

Жөндеу кәсіпорнының атауы

№2 кепілдік талонының түбіртегі

Толымдауыш бөлшектері ауыстырылды
 Жөндеу ұйымының атауы
 Жөндеген күні Мастер (қолы, тегі)
 ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН



ЗАТТАҢБАҒА АРНАЛҒАН ОРЫН

Кім орнатты (монтаждау ұйымының атауы, мертабаны)
 Орнатылған күні Ақаулықтың сипаты
 Істен шыққан күні
 Ақаулықты жою бойынша орындалған жұмыстар
 Жұмсалған қосалқы бөлшектер
 Жөнделген күні
 Пайдалануға жарамдылығы
 Иесінің қолы
 Жөндеу кәсіпорнының атауы

